



Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2325 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 827 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 2325 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы және пайымдауы

Миссиясы: Мемлекеттің бәсекеге қабілеттігін арттырудағы міндеттерді шешу үшін құқықтық инфрақұрылымды жаңғырту және қамтамасыз ету.

Пайымдауы: тиімді құқықтық қорғаумен, сондай-ақ құқықтық мемлекеттің стандарттары мен принциптеріне сәйкес мемлекеттік және заңгерлік қызметтер қамтамасыз етілген дамыған азаматтық қоғам.

2. Ағымдағы ахуалды талдау

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі - Әділет министрлігі) іске асыру елде жүргізіліп жатқан қайта құруларды тиісінше құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзара ұқсас емес функциялардың үлкен ауқымын орындайды.

Өткен жылдар Әділет министрлігі үшін оның алдына қойылған барлық міндеттерді орындауға мүмкіндік берген белгілі бір өрлеу кезеңі болды.

Осы 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарда жеті стратегиялық бағыт көзделді.

1. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік және заңгерлік қызмет көрсетулер сапасын арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру.

Кез келген органның қызметіндегі көрсеткіштердің бірі тұрақты арттыруды талап ететін ұсынылатын қызмет көрсету сапасы болып табылады. Мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызмет көрсету сапасы жеткілікті дәрежеде айқын еместігін атап өту қажет.

2009 жылдың қорытындысы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтары 6 565 479 мемлекеттік қызмет көрсеткен, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 667 477 қызметке артық.

Бизнес-ортаны жақсарту жөніндегі USAID жобасы жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы заңнаманы іске асыру жөніндегі мониторинг шеңберінде тұтынушыларға жүргізген сауалнамасының нәтижелері бойынша халықтың 85 %-ы әділет органдары көрсететін қызметтің сапасы мен қол жетімдігіне қанағаттанған.

2008 жылғы ұқсас сауалнама нәтижелері халықтың 50 %-ы ғана қызмет сапасына қанағаттанатынын көрсетті.

Сонымен бірге, көрсеткіштердің жақсарғанына қарамастан, көрсетілген деректер көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыру қажеттігі туралы айғақтайды.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексінің және "Doing business" рейтингтеріндегі көрсеткіштерді жақсарту жөнінде Әділет министрлігі жүргізген жұмыстардың маңызы зор.

Дүниежүзілік Банктің есебі бойынша 2009 жылы Қазақстан "Doing business" рейтингінде "Кәсіпорындарды ашу" индикаторы бойынша 79 орынды, 2010 жылы 82 орынды иеленді.

Сонымен бірге Дүниежүзілік экономикалық форумның ҒБҚИ "Бизнесті бастауға қажетті рәсімдердің саны" және "Бизнесті ашуға қажетті күндердің саны" индикаторлары бойынша 44 орынды иеленді, 2010 жылы "Бизнесті бастауға қажетті рәсімдердің саны" индикаторы бойынша 60 орынды, "Бизнесті ашуға қажетті күндердің саны" индикаторы бойынша 62 орынды иеленеді.

Көрсетілген рейтингтерде бизнесті жүргізу (кәсіпорындар ашу) жеңілдігінің негізгі бағасы мынадай көрсеткіштер болып табылады: бизнес жасауға қажет рәсімдердің мерзімдері және саны, сондай-ақ оның құны.

Аталған көрсеткіштер заңдар деңгейінде регламенттелгенін ескере отырып, Әділет министрлігі 2009 жылғы қаңтардан бастап қолданыстағы заңнамаға тиісті түзетулер енгізу жұмыстарын бастады.

Мәселен, бизнес жасау рәсімдерін жеңілдету және әкімшілік кедергілерді жою арқылы көрсетілген рейтингтерде Қазақстанның ұстанымын арттыру мақсатында Мемлекет басшысының қол қоюына жіберілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

2009 жылдың қорытындысы бойынша ҒБҚИ "Меншікке құқық" индикаторы бойынша Қазақстан 103 орынды (2008 жылы - 95), Дүниежүзілік банктің "Doing business" "Меншікті тіркеу" индикаторы бойынша - 31 орынды (2008 жылы — 26) иеленді.

Бағалау әдістемесі компанияның меншік құқығын алу жеңілдігін (меншікті тіркеу үшін қажетті әрекет, уақыт саны мен қаржылық шығындар) көздейді.

Әділет министрлігі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу ресімдерін оңайлату бойынша шаралар кешенін қабылдады.

Атап айтқанда, ведомстволық бұйрықтарды қабылдау нәтижесінде тұрғын үй емес құрылысқа, бір объекіден тұратын тұрғын үй емес мақсаттағы мүліктік кешенге құқықтарды тіркеу мерзімдері 15-тен 10 жұмыс күніне дейін қысқарды; жылжымайтын мүлікке ақпараттық анықтамаларды ХҚО арқылы электронды нысанда беру тәртібі мен мерзімдері белгіленді; жылжымайтын мүлікке ақпараттық анықтамаларды беру мерзімі 3-тен 1 жұмыс күніне дейін қысқарды.

Сонымен бірге, заңгерлік көмекті тегін көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеудің тиімді тетігінің жоқтығына байланысты бірқатар кемшіліктер бар. Сондықтан Әділет министрлігінің мақсаты қызмет көрсету процестерін оңтайландыруға, олардың ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге келіп саяды.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Стратегиялық жоспарда адвокатура мен нотариат саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру айқындалған.

Халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған тобын қолдау мақсатында 2009 жылғы қыркүйектен бастап қызмет көрсету құны жекеше нотариустардан едәуір төмен мемлекеттік нотариустардың қызметі қалпына келтірілді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік нотариустар жалпы сомасы 7 930 390 теңгеге 16 194 нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырды.

Мемлекеттің құқықтық мәдениетінің жай-күйі оның құқықтық жүйесіндегі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Халықтың құқықтық мәдениетін арттыру, құқықтық санасын дамыту тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет құруға ықпал ететін азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды өлшемі болып табылады.

Мемлекет пен қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының бірлескен күш-жігері қажет. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық санасы мен құқықтық

мәдениетінің деңгейін одан әрі арттыру мақсатында Стратегиялық жоспарда құқықтық түсіндіру сипатында іс-шараларды орындау көзделеді.

2. Заңнаманы жетілдіру, сапалы нормашығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету.

Мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі құралы нормашығармашылық қызмет болып табылады. Заң шығармашылығы саласында негізгі міндет әзірленетін заң жобаларының сапасы болып табылады, бірақ бұл олардың заңгерлік пысықталуына ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік, экономикалық, қаржылық маңызды мәселені шешудің пысықталуына, статистикалық деректерді зерделеуге, құқық қолдану практикасын талдауға, оң халықаралық тәжірибені қолдануға да байланысты болмақ.

Осыған байланысты нормашығармашылық қызметтің сапасын арттыру стратегиялық бағытпен айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 184 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2009 жылға арналған жоспарымен 38 заң жобасын (түзетулер ескеріліп) әзірлеу көзделген, оның 4-іне Мемлекет басшысы қол қойды, 1-еуі Мемлекет басшысына қол қоюға жіберілді, 33-і Қазақстан Республикасының Парламентінде.

2009 жылдың қорытындысы бойынша Әділет министрлігі 133 заң жобасына құқықтық сараптама жүргізді, 34-і келісілді (2008 жылы 150 заң жобасына құқықтық сараптама жүргізілді, 74-і келісілді). Сонымен бүгінгі таңда мемлекеттік органдар әзірлейтін заң жобалары сапасының төмендігі өзекті болып қалуда.

Сол бір заңға әртүрлі заңнамалық актілермен өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобаларын әзірлеу жағдайларын болдырмау, оларды өткізудің барлық сатыларында заң жобалары мониторингісінің тиісті жүйесін енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында қазіргі уақытта барлық заң жобалары бойынша деректер қорын құру мәселесі пысықталуда.

"Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мәтіндерін кейіннен ресми жариялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 тамыздағы № 938 қаулысына сәйкес кейіннен ресми жариялауға құқық алған жеке кәсіпкерлік субъектілері жыл сайын тексеруге ұшырайды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.Н. Ахметовтің төрағалық етуімен 2009 жылғы 13 қарашада өткен кеңестің қорытындысы бойынша Әділет министрлігі әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндерін кейіннен жариялау саласында сараланған мемлекеттік бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің тұсауы кесілді, онда маңызды емес тәуекелмен байланысты жоспарлы тексерулердің 5 жылда 1 рет болатын мерзімділігі (жарияланған НҚА мәтіндерін салыстыру "Әділет министрлігінің ресми мәтіні" деген мөртабан қойылған макетпен жүзеге асырылады) мақұлданды.

Бүгінгі таңда 2002 - 2010 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттары тиянақты аяқталды және заңнаманы дамытудың жаңа кезеңін білдіреді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси қатынастарды барабар реттеуге бағытталған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) қабылданды.

Құжатта мемлекеттік құқықтық реформалар жүргізудің және мемлекеттің құқықтық институттарын жетілдіру әрі дамыту үшін заңнамалық алғы шарттарды жасаудың, заңның күші мен оны қолдану мониторингін қамтамасыз етудің нақты тетіктері көрсетілген, бұл біздің мемлекетімізде құқықтық негіздердің тұрақтылығы мен құқықтық реттеудің сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.

2009 жылдың ішінде "Еуропаға жол" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде пенитенциарлық жүйе қызметіне халықаралық стандарттарды енгізу және тәжірибені зерделеу мақсатында Польша түрме қызметіне іссапарлар жүзеге асырылды.

АҚШ елшілігінің өкілдерімен, түрме мәселелері саласындағы бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі Freedom House үкіметтік емес құқық қорғау ұйымы жобаларының ассистентімен, Джонатан Айткен (Англия) және KNCV түрме мәселелері жөніндегі сарапшылармен, Техникалық Ынтымақтастық жөніндегі Неміс Қоғамының (GTZ), ISDG NV (Бельгия) компаниясының, БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) өкілдерімен, Польша түрме қызметі сарапшыларымен Қазақстанның пенитенциарлық мекемесінің қызметін сараптамалық бағалауды жүзеге асыру және қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне семинар-консультациялар өткізу үшін қосымша кездесулер өтті.

Дегенмен, қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату мәселесінде оның тиімділігіне теріс әсер ететін шешілмеген проблемалар әлі де қалып отыр.

Өткен ғасырдың басында-ортасында, ал кейбіреулері 18 және 19 ғасырларда салынған қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің көптеген ғимараттары мен құрылыстары тозған, көбінесе авариялық күйде тұр, санитарлық, техникалық талаптарға, сондай-ақ халықаралық стандарттардың талаптарына жауап бермейді.

Бас бостандығынан айыру орындарында ұстаудың тиісті жағдайларын қолдау мақсатында қылмыстық-атқару жүйесі жүргізген белгілі бір жұмыстарға қарамастан, жұмыс істейтін мекемелерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауға, сондай-ақ сотталғандарды камерада ұстау үшін халықаралық стандарт талаптарына жауап беретін қылмыстық-атқару жүйесінің жаңа мекемелерін салуға қажетті қаржы қаражатын бөлу талап етіледі.

2009 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша республиканың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде 63 655 (2008 жылы - 59 092) сотталғандар мен тергеу-қамаудағылар ұсталған.

Сондай-ақ, жүйеде сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалауды орындау бойынша күрделі ахуал қалыптасқан. Қоғамнан оқшаулаусыз жазалауды орындайтын қылмыстық-атқару инспекциясы қызметкерлерінің жүктемесі белгіленген нормативтерден асады. Сонымен бірге мемлекеттің жүргізіп отырған қылмыстық саясатты ізгілендіруге байланысты бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалауға сотталған адамдар саны жыл сайын тек кебейетін болады.

Республиканың қылмыстық-атқару инспекцияларының есебі бойынша 63 509 сотталғандар қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазаға тартылған, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4 760 адамға (2008 жылы - 58 749) көп.

Сотталғандарды қоғамдық-пайдалы еңбекке орналастырудың төмендігі түзеу мекемелерінде тәртіпті ұстап тұруға ықпал етпейді және қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің алдына қойылған міндеттердің қол жеткізілуіне тұтастай теріс әсер етеді.

2009 жылғы 20 желтоқсанда қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелері аумағында сотталғандар жасаған 247 қылмыс тіркелді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда (2008 жылы - 295) 48 фактіге аз.

Инженерлік және техникалық қорғау құралдары қанағаттандырмайды, осыған байланысты қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінің тиісті қауіпсіздігі қамтамасыз етілмеген.

Қылмыстық-атқару жүйесі ауруханалары мен медициналық бөлімдерінің медициналық жабдықтары және аппараттары техникалық жағынан тозған әрі моральдық ескірген. Медициналық бөлімдердің барлығы бірдей қарапайым диагностикалық аппаратурамен қамтамасыз етілмеген.

"Әділет органдары туралы" Заңның 20-бабына сәйкес қылмыстық-атқару қызметі саласында әділет органдары функцияларының бірі "қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру" болып табылады.

Көрсетілген норманы іске асыру мақсатында Үкіметтің 2007 жылғы 10 қыркүйектегі № 783 қаулысымен Өскемен және Шымкент қалаларында бас бостандығынан айыру орындарынан босаған адамдар үшін Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Оңалту орталықтары құрылды, оны ұстауға республикалық бюджеттен 2008 жылы 88,6 млн. теңге бөлінді.

Мұнда келетін адамдар санының аз болу себептерінің бірі - осы Орталықтардың Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің қарамағында болуы. Бас бостандығынан айыру

орындарынан босап шыққан сотталғандар қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне теңестірілген қызметкерлердің ұдайы бақылауында болады деп есептей отырып, психологиялық жағынан қолайсыз сезінеді.

Бұдан басқа, көрсетілген Орталықтардың ашылуы олардың қызметін Үкіметтің 2000 жылғы 16 наурыздағы № 408 қаулысымен жергілікті атқарушы органдардың жанынан әрбір облыс орталығында құрылған Белгілі бір тұратын жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының қайталауына әкелді. Бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 147 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасымен келіспейді.

Әділет министрлігі Президент Әкімшілігі мен Үкіметке бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту функцияларын жергілікті атқарушы органдардың жанынан құрылған белгілі бір тұратын жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарына берудің мақсатқа сәйкестігі, ал Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің жанында жұмыс істейтін Орталықтарды тарату туралы ұсыныс енгізді.

Осы ұсынысты Қазақстан Республикасының Президенті мақұлдады.

Осыған байланысты Ішкі істер министрлігіне "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заң жобасына, "Әділет органдары туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарға кейбір түзетулерді енгізу мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныстар жіберілді.

Қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Стратегиялық жоспарда сотталғандарды ұстау жағдайларын жақсартуға, қоғамнан оқшаулаусыз жазалауды орындайтын қызметті дамытуға, сотталғандарды еңбекке және /немесе оқуға тартуға, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар іс-шаралар көзделген.

4. Сот-сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.

Сот-сараптама қызметін халықаралық стандарттарға көшіру бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу мақсатында 2009 жылы мынадай елдердің: АҚШ, Англия және Францияның сот сараптамасы саласындағы халықаралық тәжірибесі зерделенді, сондай-ақ халықаралық аккредиттеуді алу бойынша ТМД елдері - Ресей, Украина, Белоруссияның жұмысы зерделенді.

Материалдық-техникалық және кадрмен қамтамасыз етуге қатысты проблемалар сот сараптамасы органдарында да бар.

Мысалы, Сот сараптамасы орталығы бөлімшелерінің штат санын көбейту талап етілген қажеттіліктен 50%-ға темен жүзеге асырылған. Сарапшылардың саны бұрынғы

деңгейде қалса да, 10 жыл жұмыста орындалған сараптамалардың саны 4,7 есеге көбейген.

2009 жылы Сот сараптамасы орталығының бөлімшелері 67 530 сараптама жүргізді, бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 397 сараптамаға артық (2008 жылы - 66 133).

Сондай-ақ 2009 жылы Сот сараптамасы орталығының Ғылыми-әдістемелік және Ғылыми кеңестерінде қарау әрі бекіту үшін құрылыс сараптамасы жөніндегі әдістемелер дайындалды.

Сот сараптамасы орталығын шетелдік озық сот-сараптама мекемелерінің деңгейінен қалыспайтын күйге дейін дамыту үшін халықаралық мекемелермен өзара іс-қимылды кеңейту қажет. Сот сараптамасы орталығының зертханаларында жүргізілген сот-сараптама зерттеулері нәтижелерінің халықаралық тұрғыда мойындалуына қол жеткізу халықаралық аккредиттеу алғаннан кейін ғана жүзеге асырылмақ.

Сот сараптамасын ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелерін одан әрі жетілдіру, кадр әлеуетін күшейту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ материалдық-техникалық базасын нығайту талап етіледі.

5. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті Дүниежүзілік сауда ұйымының стандарттарымен сәйкес келтіру.

Қазақстан Республикасының алдында тұрған стратегиялық міндеттердің бірі Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіру болып табылады. Осыған байланысты қолданыстағы заңнаманы ДСҰ шеңберінде жасалған Зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімнің талаптарына сәйкес келтіру шараларын қабылдау қажет.

Зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды дамыту үшін Қазақстанда қолайлы жағдайды қалыптастыру мақсатында Әділет министрлігінің Стратегиялық жоспарында көзделген іс-шаралар контрафактілі өніммен қарсы күрес шараларының тиімділігін арттыруға, құқықтық түсіндіру жұмыстарын көбейтуге, осы саладағы заңнаманы жетілдіруге, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты арттыруға, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды жандандыруға бағытталған.

Әділет органдарының статистикалық деректеріне сәйкес 2009 жылы республикада 711 (2008 жылы - 663) тексеру жүргізілді, зияткерлік меншік объектілерін пайдаланатын субъектілердің 655 (2008 жылы - 656) құқық бұзушылық фактілері анықталды. Заңсыз айналымнан жалпы сомасы 36 714 590 (2008 жылы - 93 824 126) теңге болатын 132 893 (2008 жылы - 194 130) бірлікте контрафактілі өнім алынған.

Қазақстан Республикасы зияткерлік меншік құқықтарын баламалы құқықтық қорғауды қамтамасыз етпейтін елдер туралы ақпаратты көздейтін "Special 301 Report" тізімінде жоқ.

ҒБҚИ рейтингінде Қазақстан 2009 жылдың қорытындысы бойынша "Авторлық құқықтарды қорғау" индикаторы бойынша 78 орынды иеленді, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 3 ұстанымға төмен.

Осы көрсеткіштің төмендеуіне көбінесе 2009 жылғы 17 ақпан мен 1 шілде аралығында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторийдің жариялануына байланысты тексеру жүргізудің едәуір қысқаруы әсер етті.

Бұдан басқа, 2009 жылы 17 шілдеде мемлекеттік органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеруін оңтайландыру мен реттеуді көздейтін "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Атап айтқанда, Заңмен рейдтік тексеру жүргізу алып тасталды, осыған байланысты контрафактілі өнім сатылатын жаппай сату орындарында, базарларда, вокзал маңындағы алаңқайларда тексеру жүргізуге мүмкіндік болмады.

Сондай-ақ Әділет министрлігі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша белгілі бір жұмыстар жүргізді.

Бұдан басқа, 2008 жылы жарияланған ҒБҚИ рейтингінде "Өнеркәсіптік меншік құқықтарын қорғау" индикаторы көзделді, ол бойынша Қазақстан Республикасы 72 ұстанымды иеленді. Бұл ретте 2009 жылы жарияланған рейтингтерде осы индикатор жоқ. Бұған қарамастан Әділет министрлігі осы бағытта жұмысты жалғастыратын болады.

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1099 Қаулысымен.

7. Бағалау қызметін жетілдіру және халықаралық талаптарға сәйкес келтіру.

2000 жылы бағалау қызметін одан әрі дамытудың негізгі іргетасы болған "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) қабылданды. Өткен 9 жылда бағалау қызметі құқықтық реттелуі ұдайы көңіл аудару мен жетілдіруді талап ететін нарықтық қатынастардың маңызды институтына айналды.

Бағалау қызметі адамның тіршілік әрекетіндегі маңызды салаларын қозғайды. Республикада әлеуметтік, экономикалық, тұрғын үй реформалары болып жатқаны белгілі. Банк қызметі, құрылыс қарқынды дамуда. Мысалы, құрылыс пен жылжымайтын мүлік ипотекасы кең ауқымға ие тек Астана мен Алматы қалаларында мүлікті білікті бағалайтын кәсіби бағалаушылар өте қажет. Қазіргі кезде бағалау бойынша сапасыз әрі дұрыс жасалмаған есептерден тапсырысшылар, орындаушылар мен басқа да мүдделі тараптар арасындағы сот ауыртпалықтары санының көптігі туралы айтпағанда, бағалау қызметінің барлық субъектілері зардабын тартуда. Бұл бірінші кезекте еліміздің қаржы, құрылыс нарығы мен банк-сақтандыру жүйесіне теріс әсер етеді.

Заң қабылданған сәтте Қазақстан бағалау қызметін қалыптастыру сатысында еді. Уақыт өте келе бағалау теориясы мен тәжірибесі, сондай-ақ нарықтық жағдайлар үнемі өзгеріске ұшырап отырды және сондықтан бағалау қызметі туралы қолданыстағы заңнаманы түзету қажеттігі туындады.

Осыған байланысты мемлекеттік бағалау стандарттарын белгілеуге, бағалау қызметін халықаралық талаптарға сәйкес келтіруге, мемлекеттік реттеу жүйесі мен бағалау қызметін өзін-өзі реттеуді жетілдіруге бағытталған кешенді ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар қажет.

8. Сот актілерін орындау институтын жетілдіру.

"Қазақстан Республикасында құқық қорғау қызметі мен сот жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Сот әкімшілігі комитетінің атқарушылық құжаттарды орындау, жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі функциялары Әділет министрлігінің қарауына берілді.

Осылайша, сот актілерін орындау бір мемлекеттік органда шоғырланатын болады, бұл халықаралық практикаға сәйкес келеді.

Сот актілерінің нақты орындалуы атқарушылық іс жүргізудің негізгі көрсеткіші болып табылады, бұл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасындағы ең жоғары көрсеткіш болғанымен, әлі де 70 - 75 % деңгейде қалып отыр. Сот орындаушыларының сәйкес келмейтін мәртебесі, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, заңнамалық және басқа да проблемалар орындалу сапасына әсер етеді. Жалақының жеткіліксіз деңгейі, жүктемелердің едәуір болуы, әлеуметтік жағынан қорғалудың әлсіздігі сот орындаушысы жұмысының тартымдылық деңгейін төмендетеді. Орындаудың жай-күйін жақсарту үшін мынадай міндеттерді шешу талап етіледі.

Сот актілерінің бұлжытпай орындалуына, соның ішінде атқарушылық құжаттарын орындаудан бас тартқаны үшін борышкердің жауапкершілігін күшейту, борышкерлерге қатысты шектеу шараларын одан әрі кеңейту, атқарушылық іс жүргізуге процессуалды сот бақылауын күшейту арқылы қол жеткізу керек.

Сот орындаушылары жұмысының жүктемелер нормативін есептеп, бекіту қажет, содан кейін сот орындаушылары санын атқарушылық іс жүргізу жүйесінің толыққанды жұмыс істеуіне қажетті санға барынша көбейту қажет.

Сот орындаушылары өз міндеттерінің күшінде мүліктен күштеп айыруды, оны мәжбүрлеп алып қоюды, борышкерлерді мәжбүрлеп шығаруды, борышкерлердің үй-жайын олардың келісімсіз және мәжбүрлі сипаттағы басқа да шараларды жүзеге асырады. Бұл ретте оларға борышкерлер тарапынан жиі күш көрсетіледі.

Сот орындаушылары жұмысының ерекшелігі салық қызметі, прокуратура, ішкі істер, қаржы полициясы органдарының жұмысымен сәйкес келетінін ескере отырып, мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында сот орындаушыларын тиісті еңбек жағдайына сәйкес әлеуметтік қорғау шараларын көздеу қажет.

"Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі № 793 Жарлығына сәйкес атқарушылық іс жүргізу органдарына сот шешімдерін орындау тәртібін бұзумен байланысты істер бойынша анықтау өкілеттіктерін берген жөн, бұл сот актілерін орындау тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 113-бабына сәйкес тараптардың қаражаты ғана емес, сондай-ақ оларды ұйымдастыру мен оларды жүргізуге жұмсалған бюджет қаражаты орындау жөніндегі шығыстар болып табылады.

Қазіргі уақытта атқарушылық әрекеттерді ұйымдастыру мен оларды жүргізуге арналған шығыстарды көбінесе өндіріп алушылар немесе сот орындаушылары өздеріне алуға мәжбүр. Бұл ахуал ең алдымен атқарушылық әрекеттерді ұйымдастыру мен оларды жүргізуге арналған бюджеттің ақшалай қаражатының жетіспеуіне негізделген.

Жекелеген атқарушылық әрекеттерді жасау үшін қаражаттың жоқтығы заңда белгіленген сот актілерін орындау мерзімдеріне айтарлықтай әсер етеді және орындау мерзімдерін бұзудың, өндіріп алушылардың мүдделері мен құқықтары бұзылуының негізгі себебі болып табылады.

Осыған байланысты республикалық бюджетте кейбір атқару әрекеттерін қайтару негізінде жасауға қаражат көздеу қажет.

Осыған байланысты республикалық бюджетте қайтару негізінде жекелеген атқарушылық әрекеттерді жүргізуге қаражат бөлуді көздеу қажет.

Сот орындаушылары біліктіліктерінің жеткіліксіздігі сот актілерінің орындалу сапасына әсер етеді. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама тек "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңмен ғана шектелмейді, ол көптеген заңдар мен заңға тәуелді актілерде қамтылған құқық нормаларының жиынтығын білдіреді. Осыған байланысты сот орындаушыларының барлық санын қамтып, олардың біліктілігін арттыру жөнінде қосымша шаралар қабылдау қажет.

Сот орындаушылары жұмысының ауқымды көлемі атқарушылық іс жүргізуді тиімді бақылауды және оларды есепке алу жөніндегі шараларды қабылдауды талап етеді. Аталған міндетті іске асыру мақсатында Атқарушылық іс жүргізуді есепке алудың және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу қажет. Бұл жүйе тіркеу органдарының деректер қорымен электрондық өзара байланыс жасауды жолға қоюға

мүмкіндік береді. Бүгінгі күні аталған органдармен өзара байланыс жасау жазбаша сауал арқылы жүзеге асырылып келеді, бұл орындау мерзімдерін айтарлықтай ұзаққа созады.

Сот шешімдерін жеке негізде орындаудың баламалы жүйесін енгізу қажет, ол қазақстандық сот жүйесін Мемлекет Басшысы бекіткен "Еуропаға жол" атты мемлекеттік бағдарламада көзделген жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға жақындату мақсатына сай келеді. Бұл атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруға да мүмкіндік беретін болады. Көптеген шет елдердің тәжірибесі сот шешімдерін жеке орындау институтының жоғары тиімділігін дәлелдейді.

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.12.30 № 1460 Қаулысымен

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қызметінің 2010 - 2014 жылдарға арналған стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері мен көрсеткіштері

Ескерту. 3-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1099, 2010.12.30 № 1460 Қаулыларымен.

Атауы	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең			
		2008 жыл (есеп)	2009 жыл (жоспар)	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
1-стратегиялық бағыт. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік қызметтер көрсету және адвокаттар мен нәтижелік қызметтер көрсету сапасын арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру.							
1.1-мақсат. Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін оңтайландыру, олардың жариялылығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету.							
Нысаналы индикатор: Тұтынушылардың әділет органдары көрсететін қызметтердің сапасы мен қол жетімділігіне қанағаттану деңгейі: 2010 жылы - 70%-дан, 2011 жылы - 80%-дан, 2012 жылы - 85%-дан, 2013 жылы - 90%-дан, 2014 жылы - 95%-дан кем болмауы тиіс.							
1.1.1-міндет. Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттары мен регламенттерін енгізу және оларды ХҚО арқылы көрсету қызметтер көрсетуде әкімшілік кедергілерді жою							
Қабылданған стандарттар регламенттердің орындалуы	%	60	65				
1.1.2-міндет. Мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін әзірлеу және енгізу жолымен мемлекеттік қызметтер көрсетуді оңтайландыру							
ХҚО арқылы көрсетілетін қызмет көрсету тізбесін көбейту	саны	57	66				
1.1.3-міндет. Қайта даярлау және олардың біліктіліктерін арттыру арқылы кадр әлеуетін күшейту							
Әділет органдарының тікелей қызмет көрсететін	%	50	60				

қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау							
1.1.4-міндет. Әділет органдары көрсететін қызметтер сапасын бақылаудың тиімді тетіктері мен тәсілдерін жасау							
Әділет органдары көрсететін қызметтерді электрондық бақылау жүйесімен қамту	%	50	60				
Мемлекеттік қызметті алуға кезек күту уақытын азайту (ХҚО-да кезек күтудің ең жоғарғы уақыт аралығы)	мин.	40	35				
1.1.5-міндет. "Бизнесті бастауға қажетті рәсімдердің саны", "Бизнесті бастауға қажетті уақыт", "Меншікке құқық" индикатор БҚҒ рейтингтерінде Қазақстанның ұстанымдарын жақсарту немесе олардың нашарлауына жол бермеу							
ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Бизнесті бастауға қажетті рәсімдердің саны" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы	орын	44	43	42	41	40	39
ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Бизнесті бастауға қажетті уақыт" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы	орын	44	43	42	41	40	39
ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Меншікке құқық" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы	орын	95	94	93	91	90	89
1.1.6-міндет. "Кәсіпорын ашу" және "Меншікті тіркеу" индикаторлары бойынша Дүниежүзілік Банктің "Doing business" Қазақстанның ұстанымдарын жақсарту немесе нашарлауына жол бермеу							
"Doing business" рейтингтеріндегі "Кәсіпорын ашу" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы	орын	79	78	20	20	20	20
"Doing business" рейтингтеріндегі "Меншікті тіркеу" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы	орын	77	25	20	20	18	18
1.2-мақсат. Азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету.							
Тұтынушылардың нотариаттық қызмет сапасына қанағаттануы 2010 жылға қарай 65%-дан, 2011 жылға - 70%-дан және 2013 жылға - 80%-дан, 2014 жылға - 85%-дан кем болмауы тиіс.							
1.2.1-міндет. Азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған санаттарына тегін нотариаттық қызметтер алу мүмкіндігін көз							

Нотариат мәселелерін регламенттейтін НҚА әзірлеу	саны			1				
1.2.2-міндет. Азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған санаттарына адвокаттардың көрсететін заң көмегін тегін көздейтін НҚА әзірлеу								
Адвокатура мәселелерін регламенттейтін НҚА әзірлеу	саны		1	1				
1.2.3-міндет. Заңгерлік қызметтердің сапасын арттыру, олардың қол жетімділігін қамтамасыз ету								
Нотариустардың әрекеттеріне шағымдану туралы сотта қанағаттандырылған өтініштерді азайту	%	1 4 5 қанағаттандырылған талап арыз	10%-ға	20%-ға	30%-ға	40%-ға	50%-ға	
Аумақтарды нотариаттық/ адвокаттық қызметтермен біртіндеп қамту	%	1 нотариаттық қызметпен қамтылмаған	1 нотариаттық қызметпен қамтылмаған	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
	%	3 аудан адвокат қызметпен қамтылмаған	2 аудан адвокат қызметпен қамтылмаған	100 %	100 %	100 %	100 %	100 %
1.2.4-міндет. Нотариустар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу								
Нотариустар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесі	саны				1			
1.3-мақсат. Ел азаматтарының құқықтық мәдениетін арттыру.								
Нысаналы индикатор: Құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды жыл сайын 1 %-ға қысқарту								
1.3.1-міндет. Республика азаматтарының құқықтық сауаттылығын арттыру үшін халықтың ақпараттық-насихаттық жұмысты қамтылуын ұлғайту, соның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарас қалыптастыру								
БАҚ-тардағы жарияланымдар мен құқық түсіндіру іс-шараларын жүргізу	саны	32 000	32 200	32 500	32 600	33 000	33 200	
1.3.2-міндет. Құқықтық мәдениет деңгейін арттырудың маңызды мәселелері бойынша кешенді ғылыми зерттеулер жүргізу								
Құқықтық мәдениет деңгейін арттырудың маңызды мәселелері бойынша кешенді ғылыми зерттеулер	саны	1	1	1	1	1	1	1
2-стратегиялық бағыт. Заңнаманы жетілдіру, сапалы норма шығару қызметі және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық								
2.1 -мақсат. Норма шығару қызметінің сапасын арттыру.								
Нысаналы индикатор: Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келетін заңдарды қабылдау фактілерін бастамашылық еткен жекелеген заңдардың және олардың нормаларының ҚР Конституциясының ережелеріне сәйк Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулыларының жоқтығы).								

2.1.1-міндет. НҚА жобаларының Конституцияға және өзге де заңнамалық актілерге сәйкестігіне құқықтық сараптама : сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу

НҚА - ның Конституцияға сәйкес келмеу бөлігінде Конституциялық Кеңес қаулыларының саны	саны	2	0	0	0	0	0
--	------	---	---	---	---	---	---

2.1.2-міндет. ЭЫДҰ елдерінде қолданылатын қабылданған заңдардың салдарын есептеуді талдау тәжірибесін (Реттегіш ықп

Реттегіш ықпалды талдауды қолдану мәселелерін регламенттейтін НҚА әзірлеу	саны		1				
---	------	--	---	--	--	--	--

2.1.3-міндет. Нормативтік құқықтық актілерді заңгерлік пысықталу тұрғысынан әзірлеу

Заңнамалық актілердің жобаларын пысықтау бөлігінде олардың Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарғандарының саны	саны	0	0	0	0	0	0
---	------	---	---	---	---	---	---

2.1.4-міндет. Заңнаманың қол жетімділігін және оны қолданудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету

ҚР-дағы нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкісі	%	0	0	0	100	100	100
---	---	---	---	---	-----	-----	-----

2.1.5-міндет. Құқықтық саясаттың бағдарламалық құжатын жобасын әзірлеу

Құқықтық саясаттың бағдарламалық құжатын әзірлеу	саны		1				
--	------	--	---	--	--	--	--

2.1.6-міндет. Заңға тәуелді актілер жобаларына заң сараптамасын жүргізу сапасын арттыру

Прокурорлық ден қою актілерінің негізінде немесе сот тәртібімен өзгертілген не күші жойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының санын азайту	%	Қанағаттандырылған 3 прокурорлық ден қою актісі	20 %-ға	40 %-ға	60 %-ға	80 %-ға	100 %-і
--	---	---	---------	---------	---------	---------	---------

2.1.7-міндет. Норма шығару процесін жетілдіру

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу							
---	--	--	--	--	--	--	--

туралы Занды, "Үкіметтің кейбір шешімдеріне норма шығару процесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын қабылдау	саны	1	1	2	1	1	1
Әділет министрлігінің НҚА-ны мемлекеттік тіркеуден бас тарту үлесі (мемлекеттік тіркеуге ұсынылған НҚА-ның жалпы санынан)	%	28	22	21	20	19	18
Аумақтық әділет органдарының НҚА-ны мемлекеттік тіркеуден бас тарту үлесі (мемлекеттік тіркеуге ұсынылған НҚА-ның жалпы санынан)	%	8	14	13	12	11	10
2.1 8-міндет. Мемлекеттік бақылау субъектілерін жоспарлы тексерулер санын азайту							
Жүргізілген жоспарлы тексерулер саны	саны	0	0	0	0	0	0
2.1.9-міндет. "Азаматтық дауларды реттеуде заң құрылымдарының тиімділігі", "Мемлекеттік басқарудағы заң құрылымы индикаторлары бойынша ДЭФ БҚҒ рейтингтерінде Қазақстанның ұстанымдарын жақсарту немесе нашарлауына жол бермеу"							
ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Азаматтық дауларды реттеуде заң құрылымдарының тиімділігі" индикаторы бойынша болжалды ұстанымы	орын		82	81	80	79	78
ДЭФ БҚҒ рейтингінде "Мемлекеттік басқарудағы заң құрылымдарының тиімділігі" индикаторы бойынша болжамды ұстанымы	орын		75	74	73	72	71
3-стратегиялық бағыт. Қылмыстық-атқару жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату.							
3.1-мақсат. Қылмыстық-атқару жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру және оны халықаралық стандарттарға жақындату, я ішінара өтеген адамды азаматтық қоғамға әлеуметтік бейімдеу және қайта әлеуметтендіру							
Нысаналы индикатор: Бас бостандығынан айыруға байланысты жазалауға сотталған адамдар тарапынан қылмыстардың қай 10 %-ға азайту (2008 жылы ҚАЖ мекемелерінде бұрын сотталған 26310 адам ұсталды)							

3.1.1-міндет. ҚАЖ-дың жаңа мекемелерін салу және қолданыстағы мекемелерді күрделі жөндеуден өткізу арқылы бас 6 орындарында сотталғандарды камераларда ұстауға көшу

Салынып жатқан және қайта жөндеуден өтіп жатқан ҚАЖ объектілерінің саны (жалғасатын/аяқталатын)	саны	4/2	0/3	0/0	0/0	0/0	0/4
---	------	-----	-----	-----	-----	-----	-----

3.1.2-міндет. Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелері аумағындағы сотталғандардың, қызметкерлердің және қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Түзеу мекемелерін қазіргі заманғы күзет жүйелерімен жарактандыру (жабық мекемелердің жалпы санына)	%	3,5	16	7	16	7	7
--	---	-----	----	---	----	---	---

3.1.3-міндет. Психологиялық-педагогикалық ықпалы болатын сотталғандарға тәрбиелік әсер етудің тиімді жүйесін құру

Психокоррекциялық және психопрофилактикалық іс-шаралар санын көбейту	%	4103 іс-шара	3	4	4	4	4
--	---	--------------	---	---	---	---	---

3.1.4-міндет. Бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдарға кәсіптік білім беруді жүзеге асыру

Түзеу мекемелерінде жаңа кәсіптік білім беру мектептерін ашу	саны	41 мектеп	5	5	5	2	0
--	------	-----------	---	---	---	---	---

3.1.5-міндет. Өндірістің жаңа түрлерін енгізу арқылы ТМ-нің кәсіпорындарында сотталғандарға қосымша жұмыс орындары

2000 адамға дейін жұмыс жасайтын сотталғандардың санын көбейту	адам	15373 адам	500	500	500	500	200
--	------	------------	-----	-----	-----	-----	-----

3.1.6-міндет. Қылмыстық жазасын өтеп жатқан адамның қажетті мамандықты және осы мамандық бойынша тиісті праг алуын қамтамасыз ету

Қылмыстық заңнамаға сәйкес кәсіптік білім алуы мүмкін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың есебіне қатысты ҚАЖ-да мамандық алғандардың үлес салмағы	үлес салмағы	88	94	99	105	107	107
---	--------------	----	----	----	-----	-----	-----

3.1.7-міндет. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға еңбекке орналасу, психологиялық және құқы қамтамасыз ету

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың оңалту орталықтарына							
--	--	--	--	--	--	--	--

жүгінген жалпы санына қарағанда, оңалту орталықтарының жұмысқа орналастырған адамдардың 1000 адамдық есепке шаққандағы үлес салмағы	үлес салмағы	175	180				
3.1.8-міндет. Қылмыстық-атқару инспекциясының штат санын кезең-кезеңмен көбейту							
Қылмыстық-атқару инспекциясының штат санын көбейту	шт. бірлігі			591	592		
3.1.9-міндет. Сотталғандарға және тергеудегі/қамаудағыларға медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру.							
1000 адамның есебіне шаққанда бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың арасында жалпы өлім-жітімді азайту (ҚАЖ мекемелеріндегі өлім оқиғаларының жалпы санының 1000-ға көбейтілген ҚАЖ мекемелері арқылы өткен адамдар санынан ара-қатынасы)	үлес салмағы	3,46	3,43	3,4	3,37	3,34	3,31
1000 адамның есебіне шаққанда сотталғандар арасында туберкулезбен ауыратындар көрсеткішін азайту (ҚАЖ мекемелеріндегі туберкулез ауруларының жаңа оқиғалар жалпы санының 1000-ға көбейтілген ҚАЖ мекемелері арқылы өткен адамдар санынан ара-қатынасы)	үлес салмағы	767,7	766,7	764,5	762,9	761,4	759,9
4-стратегиялық бағыт. Сот сараптама жүйесін халықаралық стандарттарға жақындату							
4.1-мақсат. Сот-сараптама қызметінің тиімділігін арттыру, сот сараптамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру.							
Нысаналы индикатор: Қарама-қарсы қорытындылармен қайталама сараптамалардың санын (орындалған қайталама сар санынан %) 2010 жылы - 30% дейін, 2011 жылы - 25%, 2012 жылы - 20%, 2013 жылы - 15%, 2014 жылы - 10% дейін азайту.							
4.1.1-міндет. Түрлі санаттағы (қылмыстық, азаматтық, әкімшілік) істерді тергеу және қарау кезінде құқық қорғау органдар сарапшыларының іс жүргізуіне қажеттіліктерін барынша қамтамасыз ету							

Зерттеулер өндірісінің іс жүргізу мерзімдерін бұзу санының азаюы	%	20	15	10	5	5	0
4.1.2-міндет. Сарапшылық зерттеулердің жаңа түрлерін енгізу							
Жаңа зерттеу түрлерінің саны	саны	1	1	1	1	1	1
4.1.3-міндет. Сот сараптамасы қызметін халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру үшін халықаралық аккредиттеу жынтымақтастық							
"Сынақ және калибрлі зертханалардың құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар" ИСО/МЭК 17025 сертификатын алу	саны			1			
4.1.4-міндет. Сот-сараптамасы қызметін ғылыми-зерттеуді қамтамасыз етуді жетілдіру							
Халықаралық стандарттармен сот сараптамасын жүргізу үшін әдістемелерді үйлестіру	саны			2	2	2	2
Оқу семинарларын жүргізу	саны	2	1	4	4	5	4
Сот-сараптамалық зерттеулердің жаңа әдістемелерін әзірлеу	саны			2	2	2	2
Конференциялар өткізу	саны			2	2	2	2
5-стратегиялық бағыт. Зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қызметін Дүниежүзілік сауда ұйымының сәйкес келтіру							
5.1-мақсат. Қазақстанда зияткерлік меншікті дамыту үшін қолайлы жағдай қалыптастыру.							
Нысаналы индикатор: Зияткерлік меншік объектілеріне берілетін қорғау құжаттарының санын көбейту 2010 жылы - 10%, 2011 жылы - 15%, 2012 жылы - 20%, 2013 жылы - 20%, 2014 жылы-25%.							
5.1.1-міндет. Контрафактілі өніммен күреске, алдын алуға және зияткерлік меншік объектілерін қорғауға бағытталған іс-шаралар							
"Контрафакт" акциясы, семинарлар және "Зияткерлік меншік", "Шапағат" іс-шаралары"	саны	6	7				
Авторлық құқықтарды қорғау саласында ДЭФ БҚҒИ бойынша көрсеткіштерді жақсарту	орын	75	74	73	71	69	67

Өнеркәсіптік меншік құқықтарын қорғау саласында ДЭФ БҚҒ бойынша көрсеткіштерді	орын	72	72					
5.1.2-міндет. Зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру және оны халық сәйкестендіру								
Олимпиада рәмізін қорғау туралы Найроби шарты, Патенттік құқық туралы шарт сияқты зияткерлік меншікті қорғау саласындағы халықаралық келісімдерге қосылу	саны	1	2	1				
5.1.3-міндет. Өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқарту және төрешілдік кедергілерді азайту								
Қорғау құжаттарын беруге сараптама жасау мерзімдерін қысқарту	күні	10	10					
5.1.4-міндет. Халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру								
Зияткерлік саласындағы халықаралық ұйымдармен байланысты жандандыру.								
6-стратегиялық бағыт. <i>Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1099 Қаулысымен.</i>								
6.1-мақсат. Қазақстан Республикасы азаматтарының діни сенім бостандығына құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үтатулықты сақтауға және жағдайларды дамытуға жәрдемдесу								
Нысаналы индикатор: Елдегі діни ахуалдық тұрақтылығы (діни сипаттағы қақтығыстардың жоқтығы).								
6.1.1-міндет. Халықтың дінтану сауатының деңгейін арттыру								
Азаматтардың дінтану сауаттылығын арттыру жөніндегі ақпараттық-насихаттық жұмыстар	адам	15108	18087					
	Іс-шара	400	450	470	480	490	500	
6.1.2-міндет. Діни ахуалдарға зерттеулер мен талдау жүргізу								
Әлеуметтік зерттеулер, діни ахуал мониторингтерінің саны	саны	41	22	5	5	5	5	5
6.1.3-міндет. Дінтану сараптамаларын жүргізу әдістемелерін жетілдіру								
	саны						1	

Дінтану сараптамаларын жүргізу әдістемелері							
7-стратегиялық бағыт. Бағалау қызметін жетілдіру және халықаралық талаптарға сәйкес келтіру.							
7.1-мақсат. Бағалау қызметін одан әрі дамыту және оны халықаралық талаптарға сәйкес келтіру, бағалау қызметінде өзін өзі							
Нысаналы индикатор: Өзін өзі реттеуші бағалаушы ұйымдардың қызметіндегі бағалаушылардың қатысуы 2010 жылы - 30, 2012 жылы - 70%, 2013 жылы - 90%, 2014 жылы - 100% (2009 жылы бағалаушылардың қатысуы 10 % құрайды)							
7.1.1 -міндет. Мемлекеттік бағалау стандарттарын белгілеу							
Бағалаудың мемлекеттік стандарттарын әзірлеу	саны	0	0	5	5	5	5
7.1.2-міндет. Өзін өзі реттеу ұйымдарымен бағалаушылардың міндетті мүшелігін құру, өзін өзі реттейтін ұйымдардың Бір бағалау палаталарына бірігу құқығы.							
Аумақтық бағалаушылар палаталарын, Республикалық бағалаушылар палаталарын құру	саны	-	-	16	1	-	-
7.1.3-міндет. Бағалау қызметі саласында мемлекеттік бақылау тетіктерінің тиімділігін арттыру және әкімшілік қысымды төм							
Адал жеке кәсіпкерлік субъектілерге қатысты жоспарлы тексерулерді қысқарту	2007 жылдан %			1	1	1	1
Тексеру жүргізу мерзімдерін азайту	жұмыс күндері	30	30	29	28	28	28
8-стратегиялық бағыт. Сот актілерін орындау институтын жетілдіру							
8.1.-мақсат. Сот актілерін орындау сапасын арттыру.							
Нысаналы индикатор: Нақты орындалған атқарушылық құжаттардың үлесі (аяқталған атқарушылық іс жүргізу санына %-б құрайтын болады, 2011 жылы - 77 %, 2012 жылы - 77 %, 2013 жылы - 77 %, 2014 жылы - 77 % (2009 жылы - 75,5 %).							
8.1.1-міндет. Сот орындаушыларын әлеуметтік қорғау шараларын заңнамалық тұрғыда бекіту							
"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" жаңа Заң қабылдау	НҚА			1			
8.1.2-міндет. Атқарушылық іс жүргізу органдарына сот шешімдерінің орындалу тәртібін бұзуға байланысты істер бойын асыру жөніндегі өкілеттіктерді беру							
Сот шешімдерін орындау тәртібін бұзған тұлғаларға қатысты жасалған материалдардың жалпы санынан қозғалған қылмыстық істердің үлесі	%	24	5	7	7	7	7
8.1.3-міндет. Заңның бюджет қаражаты есебінен атқарушылық әрекеттерді жүргізу туралы нормаларын іске асыру							

Атқарушылық өндірістердің жалпы санынан тыйым салынған мүлікті сату бойынша сауда-саттық жүргізілген атқарушылық іс жүргізу үлесі	%	-	3	5	7	9	11
---	---	---	---	---	---	---	----

8.1.4-міндет. Сот орындаушыларының біліктілігін арттыру

Жалпы санынан біліктілігін арттыру курстарынан өткен сот орындаушылардың үлесі	%	20	30	35	40	45	50
--	---	----	----	----	----	----	----

8.1.5-міндет. Атқарушылық іс жүргізуді есепке алудың және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу

Автоматтандырылған есепке және бақылауға алынған атқарушылық іс жүргізу үлесі	%	5	10	50	80	90	100
Бірыңғай жүйеге енгізілген автоматтандырылған жұмыс орындарының саны	саны	70	1500	1800	2115	2348	2562
Электрондық бақылауға алынған атқарушылық іс жүргізу үлесі	%		50	70	95	100	100

8.1.6-міндет. Сот шешімдерін жеке орындау институтын енгізу

Сот орындаушыларына түсетін айлық жүктемені төмендету (атқарушылық іс жүргізу саны (істер))	саны	33	46	жеке орындау институтының даму шамасына қарай	жеке орындау институтының даму шамасына қарай	жеке орындау институтының даму шамасына қарай	жеке орындау институтының даму шамасына қарай
"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" және "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" (жаңа редакция) Заңдарды қабылдау	НҚА			2			
Заңға тәуелді актілерді қабылдау	НҚА			9			

* 2008 жылы жарияланған есеп

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Ескерту. Кестеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.10.22 № 1099, 2010.12.30 № 1460 Қаулыларымен.

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Мемлекеттік органның қызметі іске асыруға бағытталған мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Стратегиялық құжаттың, нормативтік құқықтық актінің атауы
1-стратегиялық бағыт. Заңнамаға сәйкес әділет органдары ұсынатын мемлекеттік қызмет көрсетулер және адвокаттар мен нотариустар көрсететін заңгерлік қызмет көрсетулер сапасын арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру		
1.1-мақсат: Мемлекеттік және заңгерлік қызметтер көрсету үдерістерін оңтайландыру, олардың ашықтығы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету	Халыққа ұсынылатын мемлекеттік қызмет көрсетулер сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз ету.	"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы
1.2-мақсат: Азаматтардың білікті заң көмегін алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету	Қ Р Конституциясының 13-бабы "Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі."	Қазақстан Республикасының Конституциясы. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы
1.3-мақсат: Құқықтық насихат жөніндегі іс-шаралар санын көбейту жолымен ел азаматтарының құқықтық мәдениетін арттыру		"Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы
2-стратегиялық бағыт. Заңнаманы жетілдіру, сапалы нормашығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастықты құқықтық қамтамасыз ету		
		"Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы. "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан

